

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №3

Өткізілген күні: 20.01.2025 Төрайымы: Азденбаева Р.К

Хатшысы: Өмірбек А

Қатысқандар саны 7

Әдіскер м.а :Жұмабай С.С

Тақырыбы: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесін ұйымдастыру және сапасын арттыру

Күн тәртібінде:

Балабақшада мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру бойынша ұсынымдар беру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу жөніндегі ұсынымдар.

Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша әдіскер балабақшада мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру барысында балалардың жас ерекшеліктерін ескеру, іс-шаралардың тәрбиелік және танымдық маңызын арттыру, балалардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету қажеттілігі туралы айтып өтті. Мерекелік шараларды ұйымдастыру кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау және әр баланың жеке мүмкіндіктерін ескеру ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша әдіскер мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын балалардың меңгеру деңгейін анықтау мақсатында мониторинг жүргізу тәртібіне тоқталды.

Мониторинг нәтижелерін талдау арқылы балалардың білім, білік және дағдыларындағы жетістіктерін анықтап, қажет болған жағдайда жеке жұмыс ұйымдастыру ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша балабақшаның ағымдағы ұйымдастыру жұмыстары қарастырылып, педагогтер тарапынан ұсыныстар мен пікірлер тыңдалды.

Шешім:

Мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру кезінде балалардың жас ерекшеліктерін, қызығушылықтарын және жеке мүмкіндіктерін ескеру.

Мерекелік іс-шараларды бекітілген жоспарға сәйкес сапалы әрі қауіпсіз ұйымдастыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторингті белгіленген мерзімде жүргізу.

Мониторинг нәтижелерін талдап, балалардың жеке даму ерекшеліктеріне сәйкес түзету және дамыту жұмыстарын ұйымдастыру.

Педагогтерге оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру бойынша әдістемелік көмек көрсету.

Жауапты: әдіскер, тәрбиешілер.

Орындау мерзімі: жыл бойы.

Әдіскер: _____

Хатшы: _____